

**Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Тұрақты тұру үшін Беларусь Республикасына баратын Қазақстан Республикасы азаматтарының және тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасына келетін Беларусь Республикасы азаматтарының азаматтық алуының оңайлатылған тәртібі туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 2 желтоқсан N 191

1996 жылғы 17 қаңтарда Минскіде қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Тұрақты тұру үшін Беларусь Республикасына баратын Қазақстан Республикасы азаматтарының және тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасына келетін Беларусь Республикасы азаматтарының азаматтық алуының оңайлатылған тәртібі туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Тұрақты түрде тұру үшін Беларусь Республикасына баратын Қазақстан Республикасы азаматтарының және тұрақты түрде тұру үшін Қазақстан Республикасына келетін Беларусь Республикасы азаматтарының азаматтық алуының оңайлатылған тәртібі туралы

Келісім

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 4, 79-құжат)

(1998 жылғы 31 шілдеде күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,

Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 69 бет)

Бұдан әрі қарай "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы

өз азаматтарына жалпы жұрт қабылдаған халықаралық нормаларын, адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қатысты тарихи дәстүрлі достық байланыстарды сақтауға және нығайтуға екі ел халықтарының ұмтылысын негізге ала отырып,

еркін түрде ерік білдіру негізінде өз азаматтарының екінші Тараптың азаматтығын

таңдау және алу құқығын жүзеге асыруы үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету ниетін көздей отырып,

мына төмендегілер жайында келісті:

## 1-бап

1. Әрбір Тарап өзінің бұрынғы КСРО азаматы екенін растай алатын, өзінің аумағына тұрақты тұруға келген екінші Тараптың азаматтарына оңайлатылған ( тіркелген) тәртіпте оның азаматтығын алу құқығын төмендегілердей жағдайларда береді:

а) егер өтініш беруші өзі азаматтығын алатын Тараптың аумағында туған болса немесе сонда тұрақты тұрған болса;

б) өтініш берушінің өзі азаматтығын алатын Тараптың аумағында тұрақты тұратын және оның азаматтары болып табылатын жақын туысқандарының біреуі: жұбайы ( зайыбы), ата-аналарының (асырап алушыларының) біреуі, баласы (соның ішінде асырап алынғаны), апалы-сіңлілер, ағасы, атасы немесе әжесі болған жағдайда.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тәртіп өздерінің азаматтығын алатын Тараптың аумағында тұрған мерзіміне қарамастан екінші Тараптың аумағында тұрақты түрде тұратын Тараптардың азаматтарына қолданылады.

## 2-бап

Екінші Тараптың азаматтығын алу үшін бір Тараптың азаматы екінші Тараптың тиісті органдарына мынадай құжаттарды тапсырады:

Тараптардың құзыретті органдарымен келісілген нысан бойынша өтініш;

туу туралы куәліктің нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

1-баптың 1-тармағында көзделген шарттардың біреуінің бар екендігін растайтын құжат;

азаматтықтан шыққанын растайтын құжат.

Ішкі істер органдары оңайлатылған тәртіппен Тараптардың біреуінің азаматтығын алуды осы Тараптың ішкі заңдарында көзделген талаптарды сақтай отырып, 3 айдан аспайтын мерзімде тіркеуді жүзеге асырады.

Тараптардың біреуінің азаматтығын алуды тіркеген уақыт - бұл жайында Тараптар бір-біріне хабарлайтын екінші Тараптың азаматтығын жоғалтқан уақыт болып табылады.

### 3-бап

1. Нәтижесінде екеуі де екінші Тараптың азаматтары болып саналатын ата-аналардың азаматтығын өзгерткен жағдайда немесе екеуі де Тараптардың біреуінің азаматтығынан шыққан жағдайда олардың кәмелетке толмаған балаларының азаматтығы да тиісінше өзгереді.

2. Ата-аналарының біреуі Тараптардың біреуінің азаматы болып табылатын, ал, ата-анасының екінші біреуі екінші Тараптың азаматтығын алған жағдайда кәмелетке толмаған балалардың азаматтығы 2-бапқа сәйкес берілетін өтініште көрсетілуге тиісті ата-аналардың келісімі арқылы айқындалады.

3. Егер бұған байланысты ата-аналар арасында басқаша келісім жасалмаған болса, ата-аналары бөлек тұратын балалар өздерін тәрбиелеп отырған ата-анасының азаматтығын сақтайды.

4. Ата-аналарының біреуі - Қазақстан Республикасының азаматтығына ие, ал, екіншісі - Беларусь Республикасының азаматтығына ие балалардың кәмелетке толуына байланысты азаматтығы Тараптардың заңдарына сәйкес оңайлатылған тәртіппен өзгертілуі мүмкін.

5. Ата-ана құқығынан айырылған ата-аналардың азаматтығының өзгерген жағдайында балалардың азаматтығы өзгермейді. Балалардың азаматтығын өзгертуге ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналардың келісімдері талап етілмейді.

### 4-бап

Тараптар осы Келісімде сөз болмаған мәселелерді өздерінің ішкі заңдарына сәйкес шешеді.

Егер Тараптардың ішкі заңдары адамдардың қандай да бір категориясы үшін азаматтық алудың неғұрлым жеңілдеу шарттарын тағайындаса, бұл жағдайда Тараптардың ішкі заңдары қолданылады.

Тараптар өздерінің азаматтық туралы заңдарын жақындастыруға шаралар қолданатын болады.

#### 5-бап

Осы Келісімді түсінуге немесе қолдануға байланысты мәселелер Тараптар арасында консультациялар өткізу жолымен шешіледі.

#### 6-бап

Осы Келісім бекітілуге тиіс және ол Тараптардың бекіту

грамоталарын алмасқан күнінен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

#### 7-бап

Осы Келісім оның күшіне енген күнінен бастап бес жыл бойы қолданылады және егер Тараптардың ешқайсысы көрсетілген мерзім біткенге дейін алты ай бұрын керісінше мәлімдесе, келесі бес жылдық кезеңге өздігінен ұзартылады.

Минскіде 1996 жылғы 17 қаңтарда әрқайсысы қазақ, беларус және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің де күші бірдей.

Қазақстан Республикасы

үшін

Беларусь Республикасы

үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК